

Тексерілді: МЖ -

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2022жыл 1 апта

Мектепке дейінгі ұйым: «_____» балабақшасы

«_____»:Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.10.2022	Сейсенбі 04.10.2022	Сәрсенбі 05.10.2022	Бейсенбі 06.10.2022	Жұма 07.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киім кию қажеттілігі туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Өнер орталығында сурет салу, бояу, суретті кітапшаларды бояу, қарау. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер. Сендерді осындай әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен көргеніме өте қуаныштымын! Бұл күнді біз бірге өткіземіз. Бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелсін. Бір-бірімізді қуантайық! деп «Өз көңіл-күйіңді туралы айт» жаттығу жасату				

	<p>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі Отбасы: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпке, мен, сен, ол. Қазақ тілінде сөйлеу, сөздік қорына сөздер қосу.</p>	<p>Дене шынықтыру жаттығулар <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен жүгіру. Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу" <u>Қимылды ойын:</u> Поезд</p>	<p>Музыка "Ару күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; күз кереметтері туралы ұғымдарын кеңейту. Музыка әуенімен бірге би ырғақтарын билеу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру <u>Қимылды ойын:</u> «Допты дәлдеп лақтыр» <u>Спорттық жаттығулар:</u> Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; <u>Қимылды ойын:</u> «Күміс алу»</p>

			<p>ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>"Сарала қаздар" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бірнеше құстардың атын атағанда орындарында тұрып, қолдарын қанат сияқты сермеп тұруды, "Сарала қаздар" дегенде қолдарымен қанат қағып, қаздар сияқты жүруді үйрету.</p>		
Балаларға келген хаты көрсету. Ашып хатта суреттерді алып көрсету. Бұл қандай жеміс немесе көкөніс танысыңдар ма? деп сұрау Әр балаға бір сурет алып атауға беру. Ол атауларда дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтқызу арқылы дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту	Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Екі бала арасында доппен ойын. Допты бір біріне берер кезде бір бала жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды. Барлық баланың ойын ойнауын қамтамасыз ету.	Геометриялық пішіндерді тану (дөңгелек, үш бұрыш, шаршы) және атау. Жемістермен көкөністер қандай пішінге сәйкес келеді. Корточкалармен жұмыс.	Кітап орталығында кітаптардан жемістер мен көкөністердің суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Тіл ұстарту жаттығуын жасау. Із –із –із –бақшадағы сәбіз Ет – ет- ет- алма толы себет.	Балаларға топтағы жеміс пен көкөніс макет ойыншығымен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Апта бойы жаттаған тақпақ пен тіл ұстарту жаттығуын	
	(Сөйлеуді дамыту)	(Математика негіздері)	(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		

	<p>(Сөйлеуді дамыту)</p> <p>Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын. Жеп көргендер тамсанған – Балдай тәтті қауынмын. (Көркем әдебиет)</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекеттер жасау. Бідыстарға жемістер мен көкөністерді салу. Балалардың қалауы бойынша (Сурет салу) Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеу. (Мүсіндеу)</p> <p>бейнеленген көкөністермен жемістерге сәйкес жұп түстегілерді таңдап жапсыру (Жапсыру)</p>	<p>арқылы қарапайым құрылыстар құрастыру. (Құрастыру)</p>	<p>Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру дағдыларын жетілдіру. (Құрастыру)</p>	<p>қайталап айтқызу. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша сурет салу немесе ермексазбен еркін шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру. (Сурет салу) (Мүсіндеу)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>				

<p>Серуен</p>	<p>Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>көкөністер мен жемістердің суретін салу. (бормен, құммен немесе мольбертте) (Сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын: «өз үйіңді жылдам тап»</p> <p>Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар</p>	<p>ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жемістерді салыстыру; биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей көкөністерді салыстыру. Карточкалармен дидактикалық ойындар (Математика негіздері)</p> <p>бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау арқылы жеке шығармашылықпен жұмыстар. (Құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын: «Сақина жасыру»</p>	<p>табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақша ауласында өсетін өсімдіктер мен ағаштарды бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Құмда таяқпен көкөністерді бейнелеу. (Сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын: «Күміс алу»</p>	<p>Ауа райындағы өзгерістерді байқау. Табиғат құбылыстарын сипаттау дағдыларын пысықтау. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Серуенге алып шыққан ойыншықтарды әр жерге қою арқылы кеңістікте бағдарлау дағдыларын пысықтау. (Математика негіздері)</p> <p>Ыстық және суық желді ажырата білуді үйрету Қ/о «Тырналар»</p>	<p>Балабақша ауласында өсетін ағаштар мен өсімдіктерді көрсету. Шырша мен ағашты ажырата білуін қалыптастыру. Ғажайып сәт. Ағаштардың арасында беті жабылған себет. Бетінде хаты бар. Ішінде сәбіз, қияр, асқабақ, қырыққабат, қызанақ бар екен. Балаларға атату. Топқа алып баруды ұсыну. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Өсімдіктерді суғаруды көрсетіп, таныстыру Қ/о «Поезд»</p> <p>Алып келген себеттегі көкөністерді жуу. Оларды жеп көру. Өткір емес пышақпен турап, салат жасау.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).</p>				

Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көкөністер мен жемістерді себеттерге салу. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Карточкалармен жұмыс. (Математика негіздері) Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу.	Жемістер мен көкөністер туралы видео материал көрсету. Тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету (Көркем әдебиет) бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония	Жалпы белгілері бойынша жемістер мен көкөністерді топтастыру. тақпақты мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету. Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын. Жеп көргендер тамсанған – Балдай тәтті	дөңгелек пішінді жемістердің суретін салу (Сурет салу) көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру (музыка)	Алдын ала даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; үлкен және кішкентай көкөністерді жапсыру. (Жапсыру) Құрастыру заттарынан ағаштармен жемістер құрастыру

	<p>Ұжымдық жұмыс жүзім. Балалар бір бірден жасап, сабағына жинап, жүзім сабағын жасау. (Мүсіндеу)</p> <p>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Жемістер ыдысы. Әр түрлі көкөністер мен жемістердің ішінен, тәрелкеге сыятын жемістерді жапсыру. (Жапсыру)</p>	және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)	қауынмын. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		(Құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Балабақша туралы түсінік беру. Балалабақшаның тобының атауы, педагогтердің есімдері туралы ақпартты жеке Әли, Дияр, Рамазанға үйрету.	Жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын Бекарыс, Мұхаммеджан, Әлиге үйрету.	Құрылыс ойыншықтарымен ойын. Әли, Нұрғасыр, Есфирь, Айқын, Алинұрға пішіні, түсі көлемі қолданысы бойынша заттарды топтастырып, таңдауды үйрету	Дербес шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру. Желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалана білуді Әли Амалбек, Сұңғат, Айсұлтанда дағдыландыру	Құрдастарымен қарым – қатынасқа түсуде өз ойын жеткізе білуді Сұлтан, Алиайдар, Бекарыс Әлиге үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру	көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл	Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып кейбір мүсіндеу	Ермексаз және табиғи қалдық материалдармен үйлестіріп жемістер	Өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және

	(Құрастыру) Қ/о «Кім жылдам?»	күйлерін көтеру (музыка) Қ/о «Тырналар»	дағдыларын қалыптастыру; (Мүсіндеу) Қ/о «Поезд»	мен көкөністерден әр түрлі заттар жасау. Балалардың қиялын дамыту. (Мүсіндеу) (Жапсыру) Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	атау.кім жылдам көрсетеді ойынын бірнеше балалармен ұйымдастыру. Жеке карточкалармен жұмыстар. (Математика негіздері) Қ/о «Тырналар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы достары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрау. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _____

Тексерілген күні: 30.09.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: _____

Тексерілді: МЖ -

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2022жыл 2 апта

Мектепке дейінгі ұйым: «_____» балабақшасы
«_____»:Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 10.10.2022	Сейсенбі 11.10.2022	Сәрсенбі 12.10.2022	Бейсенбі 13.10.2022	Жұма 14.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балаларға жануарлардың суреті бар кітаптар алып беруін ұсыну.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата», «Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шеңбер құрып сәлемдесу. Сәлем, деймін күнге мен Сәлем, деймін мен саған				

	<p>Сәлем, деймін апайға Қонақтарға, құстарға, Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Орман дегеніміз не?», «орманда кімдер өмір сүреді деп ойлайсың?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! кешіріші, мен олай қайталамаймын, татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Сөздерін күнделікті пайдалану дағдысын жетілдіру.</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; аяқтың ұшымен жүгіру; допты екі қолымен көкірек тұсынан кері лақтыру; еңгіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; <u>Қимылды ойын:</u> Допты дәлдеп лақтыр</p>	<p>Музыка "Себеттегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны". Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін ажыратуды үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірлеп жүру; қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып жүгіру; Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату; еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу <u>Қимылды ойын:</u> Торғайлар мен автомобиль <u>Спорттық</u></p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып жүгіру; допты екі қолымен көкірек тұсынан кері лақтыру; Сапқа бір-бірден тұру. <u>Қимылды ойын:</u> Құстардың ұшып келуі</p>

				жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын жетілдіру	
Видео материал көру Орман дегеніміз не? «орманда кімдер мекендейді?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну (сөйлеуді дамыту) салынған жануарларды түстерін дұрыс таңдап бояу. (Сурет салу) Құрылыс заттарынан жануарларға үйшік құрастыру (Құрастыру) Сергіту сәті «Ұзан құлақ сұр қоян.»	Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; Орманда қандай құстар мекендейді? Кітаптар арқылы тану, атау. Олардың ерекеше белгілерін есте сақтау. Тақпақ жаттау. Тоқылдақтар тоқылдап Ешбір тыным көрмейді Ағашты қанша тессе де, Жұмысы бір өнбейді. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Балаларға жапырақтар салынған себетті көрсету. Бұл жапырақтар орман ағаштарынан түскен жапырақтар. Мен сендер үшін жинап алып келдім. Мына суреттерге қараңдар. Бұл суретте шырша, қайың, үйеңкі ағаштары бейнеленген. Жапырақтарына назар аударып, сәйкесінше қойыңдар. Атауларын атап, қандай белгілері бар әңгімелейік. Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. Тақпақ жаттау.	Саңырауқұлақпен жидектер атауларын атауда дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. Тақпақ жаттау Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп - теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Жидектердің суретін таңдауы бойынша салу (Сурет салу)	Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Жануарлар, ағаштар, құстар және саңырауқұлақ пен жидектер суреттері арқылы жеке жұмыстар. (математика негіздері) дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс (Сурет салу)	

			<p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Фланелеграф тақтасында ағаштарды жапсыруарқылы орман жасау. (Жапсыру)</p>		
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Даладағы ауа райы қандай. Табиғатта қандай өзгерістер бар. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру; (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Тақпақ жаттау Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп - теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. (көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың дербес әрекетін дамытатын</p>	<p>Балабақша ауласында ұшып жүрген құстарды бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту. Құстардың ұясын көрсету. Жем салу. Су құю. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Құстарды ауызша санау. Үлкен кіші салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Құс ұяларын салыстыру. (математика</p>	<p>Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. (математика негіздері)</p> <p>Балабақша ауласында өсетін ағаштарға күтім жасау. Жапырақтар теру, су құю. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Балабақша ауласынан саңырауқұлақ пен жидектер іздеу. Бар болса теру, атау. Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Күз мезгіліне тән құбылыстарды атауды үйрету.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балалардың дербес әрекеті.</p>	<p>Құрылыс материалдарынан орманға барар жол жасауды үйрету. (Құрастыру)</p> <p>Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Сақина жасыру</p>

	қимылды ойын: «Өзара айырмашылығын тап»	негіздері) Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық»	құмыраға сәндеп салу. Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары	Қимылды ойын: Поезд Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстыру. (құрастыру)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «бауырсақ», «шалқан» және т.б ертегілерді оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ				

	моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жануарлардың дене бөлшектерін атату. Жануарларды биіктігі бойынша салыстыру. (математика негіздері) Алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы ермексаз кесектерін жаю дағдыларын пысықтау. Аюды мүсіндеу. (Мүсіндеу)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөліну. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың суреттерін салу, тұзды қамырды пайдаланып құс мүсінін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден құстарды жапсыру. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету (Құрастыру) Жапырақтарды салу, ермексаздан жасау әдістерін жетілдіру. (Сурет салу) (Мүсіндеу)	Құлпынай мен қарақатты және т.б жидектерді салысыру. Үлкен кіші сөздерін пайдалану. Бөліп себеттерге салу. Артығын тап дидактикалық ойыны. Карточкалардан бірдей жидектен артық жидекті табу. (математика негіздері) элементтерді қарапайым біріктіру білігін жетілдіру. Саңырауқұлақты мүсіндеу, жапсыру (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Оман туралы біз не білеміз. Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Орманмен салыстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)
Балалармен жеке жұмыс	Өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға Амалбек, Сұңғат, Айсұлтанға	Суреттен тұратын қаласының суретін көрсету. Өзі тұратын қала, ауыл туралы	Негізгі қимылдардың түрлерін Амалбек, Мирас, Айғаным,	Шығармашылық жұмыс. Түрлі түсті қарандаштармен фломастердің, гуашт	Кітап суреттерінен жануарларды тауып атауды Әли, Дияр, Рамазан, Адина,

	үйрету. Жеке сұрақтар қойып жауап беруін талап ету.	түсінік Алинұр, Мансұр, Амалбек беру.	Аслыға үйрету	ың төрт түсімен сурет салуды Сұлтан, Алиядар, Бекарыс, Мұхаммеджан Амалбекке үйрету	Абдірахман Амалбекке игерту
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дайын жапсыру пішіндерінен жануарларды жапсыру. (Жапсыру) Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу. Еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстыру. (құрастыру) Қ/о: Тырналар-тырналар	Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. (музыка) Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	ермаксаздан апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. (Мүсіндеу) (Жапсыру) Қандай көкөніс пен жаместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Балалардың үйге қайтуы	Балалармен орман туралы әңгімелесу.	Құстар туралы жаттаған тақпағын сұрау	Табиғи материалдардан орман жасауды ұсыну.	Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _____

Тексерілген күні: 07.10.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: _____

Тексерілді: МЖ-

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2022жыл 3 апта

Мектепке дейінгі ұйым: «_____» балабақшасы
«_____»:Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.10.2022	Сейсенбі 18.10.2022	Сәрсенбі 19.10.2022	Бейсенбі 20.10.2022	Жұма 21.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай көңіл белгілері арқылы көңіл күйін білдіру. Сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді қолдануы жөнінде сауалнама алу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бес саусақ» өлеңі Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы				

	<p>Орған терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (көркем әдебиет) «Үй жануарлары» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер: Балабақша, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру; шеңбер бойлап жүгіру; тұрған жерінен ұзындыққа секіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. <u>Қимылды ойын:</u> Поезд</p>	<p>Музыка "Ас - адамның арқауы". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, жүгіру; допты екі қолымен жоғары, бастан асыра лақтыру; шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру; <u>Қимылды ойын:</u> Допты дәлдеп лақтыр <u>Спорттық жаттығулар:</u> Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру; аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, жүгіру; тұрған жерінен ұзындыққа секіру; шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру; <u>Қимылды ойын:</u> Торғайлар мен автомобиль</p>

			<p>бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, ұйымдастырылған іс-әрекетте белсенділіктерін арттыру.</p> <p>"Кішкене тоқаштар" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ортақ белгілеріне қарай топ құрауды үйрету.</p>	қалыптастыру	
Үй жануарлы жайлы суреттер көрсету, әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Үй жануарларының төлдерін атауды үйрету. Оларды сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Балалардың қалауы бойынша үй жануарлары тақырыбында геометриялық пішіндерден сурет салғызу, ермек саздан мүсінін	Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта (сурет салу және жапсыру) жұмыстары	Менің үй жануардан досым тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі мысығы немесе күшігін сипаттап сөйлеуді үйрету (сөйлеуді дамыту)	Үй жануарларының дауысы арқылы тану. Топтағы ойыншықтарын табу, сипаттау. Не білетіндерін әңгімелеу. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
«жеті лақ» ертегісін оқып беру. (үстел үсті театры) кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге	Балалардың қалауы бойынша үй жануарлары тақырыбында геометриялық пішіндерден сурет салғызу, ермек саздан мүсінін	Үй жануарларының қорасын жасау (мүсіндеу)	Үй жануарларының қорасын жасау (мүсіндеу)	Өзінің үйіндегі сүйікті жануардың суретін салу немесе ермексаздан жасауды менгерту (сурет салу,	

	баулу (көркем әдебиет) карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан үй жануарларын құрастыру. (құрастыру)	жасау арқылы дөңгелек мүсіндерден құрастырып жасау, пішіндерден үй жануарын жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)		мүсіндеу).	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дәстүрден тыс әдіспен үй жануарларын бояу (сурет салу) Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру. (қоршаған ортамен таныстыру)	Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Аула сыпырушы мен бақташыға көмектесу. (қоршаған ортамен таныстыру) Құрастыру материалдарынан	Балабақшаны мекендейтін үй жануарлары туралы әңгімелесу. Оны барып көру, күтім жасау. Су тамақ беру. (қонаққа мысық немесе күшік келеді) (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар.	Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін атауын үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Еркін ойындар	Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Үй жануары атты көлік құралы ретінде пайдаланатыны туралы түсінік беру. Суреттер тамашалау. Ойыншық аттарды салыстыру. Дене мүшелерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру. (қоршаған ортамен таныстыру,

	<p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын «тышқандар мен мысық»</p>	<p>үйшік құрастыруды дамыту. (құрастыру)</p> <p>Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер</p> <p>Қимылды ойын «тышқандар мен мысық»</p>	<p>Табиғи материалдардан қора жасау. (құрастыру)</p> <p>Қ/О «Поезд»</p>	<p>Қағаздан бетіне дайын жануарларды жапсыруды үйрету. (жапсыру)</p> <p>Қимылды ойын «тышқандар мен мысық»</p>	<p>математика негіздері)</p> <p>Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. (құрастыру)</p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қ/О «Поезд»</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын менгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үй жануарларын ермексазбен табиғи материалдармен (жаңғақтармен) мүсіндеу. (Мүсіндеу) Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстар. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» (математика негіздері) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер	«жеті лақ» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би үйрену. (көркем әдебиет, музыка) Үй жануарларын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. (Математика негіздері)	Үй жануарлары бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. (көркем әдебиет, музыка) Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды жетілдіру. (құрастыру) Еркін іс әрекеттер	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	Қысқа өлеңдерді анық асықпай айту олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді Дария, Мариям, Балжанға үйрету	Негізгі қимылдардың түрлерін Айсұлтан, Мирас, Айғаным, Аслы, Балжанға үйрету. Топтағы ойын құралдарымен жаттығулар жасату.	Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауды Айсезім, Әмина, Нұрғасыр Балжанға үйрету. Топтағы гүлдерге су құю	Адина, Абдірахман Балжанға таныс әндерді тану және дыбыстардың жоғарылығын ажыратуды үйрету	Мемлекеттік Рәміздер туралы бастапқы түсінікті Көркем, Мариям, Балжанда қалыптастыру. Топтағы рәміздер туралы не білетінін сұрау. Білімдерін

					толықтыру.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Фланелерафқа үй жануарларын тауып жапсыру (жапсыру) Қ/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.	«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау (Математика негіздері) Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр»	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Білетін тақпақтарын қайталап айтуын пысықтау (көркем әдебиет) Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	Үй жануарлары туралы не білетінін сұрау.	Жеті лақ ертегісін айту	Үй жануарлары бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _____

Тексерілген күні: 14.10.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: _____

Тексерілді: М.А.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2022жыл 4 апта

Мектепке дейінгі ұйым: «_____» балабақшасы
«_____»:Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 24.10.2022	Сейсенбі 25.10.2022	Сәрсенбі 26.10.2022	Бейсенбі 27.10.2022	Жұма 28.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Күнделікті жиі қолданылатын	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>	Музыка "Торғай". Мақсат-міндеттері.	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы</u>	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>

	<p>тұрмыстық сөздер: жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, жер, орамал</p>	<p><u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; шеңбер бойлап жүгіру; допты екі қолымен жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру; Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру; <u>Қимылды ойын:</u> Күміс алу <u>Спорттық жаттығулар:</u> Үш дөңгелекті велосипед тебу</p>	<p>Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту; музыка әуенімен би қимылдарын үйлесімді орындауға дағдыландыру. "Тоқылдақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Әуеннің ырғағын тыңдауды, байқампаздыққа дағдыландыру.</p>	<p><u>жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; шеңбер бойлап жүгіру; допты екі қолымен жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру; Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру; <u>Қимылды ойын:</u> Күміс алу <u>Спорттық жаттығулар:</u> Үш дөңгелекті велосипед тебу</p>	<p><u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүру; аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп жүгіру; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; еңгіс тақта бойымен (20-30 см) жүру</p>
<p>Кітаптар орталығында үй құстары бейнелеген кітаптарды көрсету. Үй құстары туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау.</p>	<p>Қонаққа үйрек келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету.</p>	<p>«Бала бала балапан» әнін айту. би қимылдарын жасау. Балапан туралы не білетінін сұрау.</p>	<p>Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру.</p>	<p>Құстардың қимылы мен дауыстарын салу қабілеттерін жетілдіру. «Қуыр қуыр қуырмаш» әнін айтқызу. Үй құстары немен тамақтанады сұрау,</p>	

	<p>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Үйрекке арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру.</p> <p>Қимылды ойын ойнату. Үйрекпен қоштасу (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту) «Құс қанат» оюын таныстыру, қалаулары бойынша түстерді таңдап бояу.</p> <p>(сурет салу)</p> <p>Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу (құрастыру)</p>	<p>(көркем әдебиет) Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санау (математика негіздері)</p> <p>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)</p>	<p>дәндерді көрсетіп ақпараттар беру.</p> <p>(көркем әдебиет)</p> <p>біртекті құстардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>құстарға арнап әр түрлі заттар құрастыру (құрастыру)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Балабақша ауласына ауа райын бақылау. Жапырақтардың тербелуі мен жерге түсуін тамашалау. Құстарға қарау. Олардың үй құстарынан айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беру. (қоршаған</p>	<p>Балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беруін ұйымдастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Ермексаздан үйрек жасап көрсетру, құмда таяқпен үйрек суретін</p>	<p>Балалар тұратын қала мен ауыл атауын атап тануын қалыптастыру. Қазақстан Республикасының астанасы туралы білімдерін жетілдіру. Олар тұратын үйде</p>	<p>Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар (құрастыру)</p> <p>Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру.</p> <p>Балалардың дербес әрекеттері</p>	<p>Балабақша аумағын мекендейтін құстармен танысу. Оларға қамқорлық таныту әдістерін таныстыру. Қонаққа келген балапанды. тамақтандыру, су беру. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>

	<p>ортамен таныстыру) Ұжымдық сурет салу.. Қарапайым табиғат құбылыстарын, құстарды бейнелеуге баулу (сурет салу) Еркін ойындар</p>	<p>салуды ұйымдастыру (мүсіндеу, сурет салу) «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету. (көркем әдебиет) Дидактикалық ойын «Кім екенін тап»</p>	<p>балапан үйрек бар ма? Бар болса қаншау және олар қайда тұрады әңгімелеу. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеттері Фланелеграфта балапандарды жапсыру (Жапсыру)</p>		<p>Еркін ойындар</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p>				
<p>Түскі ас</p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге)</p>				

	<p>қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)</p>				
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)</p> <p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. (математика негіздері)</p> <p>Балалардың таңдауы бойынша балапанды ермексаздан жасау, үй құстарын фланелеграфта жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру)</p>	<p>Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту (Математика негіздері)</p> <p>Құрастырмалы ойынышықтардан үйрекке үй құрастыру (Құрастыру)</p> <p>Фланелеграфта үйректі балапандарымен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды</p>	<p>Балапан ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру, салыстыру (үлкені кіші) (Математика негіздері)</p> <p>«Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеу. (Мүсіндеу)</p>	<p>«Ұсқынсыз үйрек» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</p>

		пысықтау (Жапсыру)			
Балалармен жеке жұмыс	Дауысты ,дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға сурет көрсету арқылы Есфирь, Айқын, Алинұрды жаттықтыру.	Спорттық жаттығуларды орындаудың алғашқы техникасы туралы түсініктер беру, Есфирьмен жеке жұмыс	Көліктермен ойын. Көлік құралдарын атауға Әмина, Нұрғасыр, Есфирьді үйрету	Дербес шығармашылық жұмыс. Мүсінделген пішіндерді өздеріне таныс заттармен салыстыра білуге Бекарыс, Мұхаммеджан, Әли, Есфирьді үйрету	Құрылыс материалдарының және конструкторлардың ірі бөлшектерін құрастыруды Есфирьге, Мирас, Айғаным, Аслыға үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастыру. (құрастыру) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. Балалардың дербес әрекеттері «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін қайталап кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету. (көркем әдебиет)	Балапанның дыбыстарын салу. Кітаптан ертегі қарау. (көркем әдебиет) Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Ертегідегі жануарлар қандай табиғатқа жатады. Өлі әлде тірі табиғатты танып анықтауын қалыптастыру. Үй құстары қайда тіршілік ететінін зерттеу. (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар

				әрекеттері	
Балалардың үйге қайтуы	Үй құстары туралы сұрауға кеңес беру.	Ұсқынсыз үйрек ертегісін айтып беруін сұрау	Әнші балапан әнін тыңдап, берге орындауға кеңес беру.	Қуыр қуыр қуырмашты үйде жасауға кеңес беру.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _____